КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 14 шілде №4360-25-00-2/996 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші - судья С. Умарсирикова,
Г. Таженованың хатшылығымен,
мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«АлиПроектConstruction» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ТАЛАП ҚОЮШЫ ЖАҒЫНДАҒЫ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:
Жеке кәсіпкер «Сабыр» атынан әрекет етуші Асылбек Ихтиярович Сапаров
«Қызылорда облысының Полиция департаментінің әкімшілік полиция басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ЖАУАПКЕР ЖАҒЫНДАҒЫ ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«Нугманова» шаруа қожалығы
«Строй модуль-Астана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
талап қоюшының өкілі Б. Орынбеков
жауапкердің өкілі А. Сахиұлы

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Қызылорда облысының білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің орта мектептерінің спорт алаңдарын ағымдағы жөндеу» жұмыстарына конкурсы ұйымдастырылып, конкурсқа басқа әлеуетті өнім берушілермен бірге «АлиПроектConstruction» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі-ЖШС) өтінім тапсырған.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Басқармаға жоғарыда көрсетілген конкурсқа қатысып, конкурс қорытындыларымен келіспеген «ИП Сабыр» тарапынан 2025 жылғы 6 ақпанда (№249480, №249215) шағымдандар түсірген.

Шағымдарда конкурсқа қатысқан «АлиПроектConstruction» ЖШС-і тарапынан ұсынылған «Автокран МКТ 25.1» және «ЗИЛ 133 ГИ КС-3575» автокөлік техникаларының тіркеуде жоқ екендігі туралы уәж келтіріп, 2025 жылғы 18 наурыздағы №14159377-ОК1 қорытындылар туралы хаттаманы қайта қарауды сұраған.

Басқарма шағымдарда көрсетілген ақпараттарды нақтылау мақсатында Қызылорда облысының Полиция департаментінің Әкімшілік полиция басқармасына (бұдан әрі-Полиция Департаменті) 2025 жылғы 19 наурыздағы №06-06/841 хат жолдап, 2025 жылғы 26 наурыз бен 8 сәуірде №5-54/7379, №5-54/8068 жауаптарына сәйкес «Строй модуль-Астана» ЖШС-нің атына 2007 жылғы шығарылған мемлекеттік тіркеу нөмері: 539AL 11, «Автокран МКТ 25.1» (VIN XTC55111R72314515) үлгісіндегі көлік құралы 2017 жылғы 12 шілдеде тіркелген, одан әрі 2020 жылғы 7 тамызда есептен шығарылып, «Нугманова» шаруа қожалығының атына тіркелген, бұл бойынша Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 2025 жылғы 10 сәуірде №04-20/1832 хатымен растаған.

«АлиПроектConstruction» ЖШС-і конкурстық құжаттамаға өтінімдерін ұсыну кезінде материалдық ресурстары ретінде «Строй модуль-Астана» ЖШС-і есебінен 2020 жылғы 7 тамызда шығарылып кеткен 2007 жылы шығарылған мемлекеттік тіркеу нөмері: 539AL 11, «Автокран МКТ 25.1» (VIN XTC55111R72314515) (бұдан әрі-Автокран) үлгісіндегі көлік құралын «Строй модуль-Астана» ЖШС-нен жалға алу туралы 2023 жылғы 5 шілдедегі №17 шартты ұсынған.

ЗИЛ 133 ГИ КС-3575а/zil 133 GYA X-3575-a, мемлекеттік тіркеу нөмері 534AL11» (VIN BEZ//N/NL00002225) (бұдан әрі-ЗИЛ) автокөлігі «Строй модуль-Астана» ЖШС-нің теңгеріміне 2017 жылғы 12 шілдеде тіркеліп, 2020 жылғы 20 қыркүйкте тіркеу есептен шығарылған.

Сәйкесінше талап қоюшы біліктілік талаптары туралы анық емес ақпарат бергені үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы нақтылаған талап қоюмен сотқа жүгінген.

Жауапкер талап қоюға қарсы пікірінде талап қоюмен келіспейтінін, себебі жауапкердің техниканы жалға алу шартында жалға беруші мен жалға алушының орындары алмасқан, осы ретте, Конкурстық құжаттамаға 7 қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім берушілерге материалдық ресурстарға ие болу бөлігінде мынадай талаптар қойылды: «Автотиегіштер» - 1 бірлік; «Автокөлік жолындағы крандар» - 1 бірлік; «Бортты автокөліктер» - 1 бірлік.

Жауапкер тарапынан автотиегіш пен автокөлік жолындағы кран техникаларын 2023 жылғы 1 маусымда «Договор аренды техники №2» және 2023 жылғы 5 шілдеде «Договор аренды техники №17» шарт жасау арқылы «Строй модуль-Астана» ЖШС-нің өзінен жалға алған. Сол себепті, арнайы

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 21.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 08.10.2025, судья Елшібеков Б. Е., 20.10.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

құзыретті органдарға сұрау салуды жіберуге негіз болған жоқ, бұл техникаларды жалға алу барысында есепте тұрмағандығы бойынша еш ақпарат болмаған, талап қоюшы тарапынан техникаларының иесі - «Строй модуль-Астана» ЖШС-не хат жолданып, 2025 жылғы 27 наурыздағы №8 хатына сәйкес «АлиПроектConstruction» ЖШС-не жоғарыда көрсетілген автокөлік техникаларының жалға берілгендігі нақтыланған.

«АлиПроектConstruction» ЖШС-і облысымызда бірқатар құрылыс нысандарын салып елімізге өз септігін келтіруде, сонымен қатар бірқатар жұмысшыларды жұмыс орнымен қамтамасыз етіп отыр. Жауапкер осы уақытқа дейін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылмаған.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі-АПК) 6-бабының 5- тармағына сәйкес,«АлиПроектConstruction» ЖШС-гін мемлекеттік сатып атудың жосықсыз қатысушы танымауды сұраған.

Үшінші тұлға Полиция Департаменті сотқа жолдаған пікірде, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің біріктірілген деректер жүйесінің мәліметтеріне сәйкес, Автокран үлгісіндегі көлік құралы 2020 жылғы 7 тамыздан бастап «Нугманова» шаруа қожалығы атында тіркеу есебінде тұрғандығы анықталған.

Сонымен қатар, ЗИЛ үлгісіндегі көлік құралы 2022 жылғы 20 қыркүйектегі «Строй модуль-Астана» ЖШС-нің атынан тіркеу есебінен шығарылған. Қазіргі таңда аталған көлік құралы жеке немесе заңды тұлғалардың атына тіркелмегенін көрсетіп, шешімді сот құзыретіне қалдыратындығын және өзінің қатысуынсыз қарауды сұраған.

Сотта талап қоюшының өкілі нақтылаған талап қоюда көрсетілген уәждерін қуаттап, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі жазбаша қарсы пікіріндегі уәждерін айтып талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Үшінші тұлғалар жеке кәсіпкер «Сабыр» атынан әрекет етуші Асылбек Ихтиярович Сапаров, «Нугманова» шаруа қожалығы, «Строй модуль-Астана» ЖШС-і талап қоюға сотқа пікір ұсынбады, сот отырысы туралы тиісті түрде хабарланғанымен, өкілдері сотқа дәлелсіз себептермен қатыспағандықтан, сот, АПК-нің 196-бабының төртінші бөлігіне сәйкес істі көрсетілген үшінші тұлғалар өкілдерінің қатысуынсыз қарады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабының 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес (бұдан әрі-Заң), анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 21.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 08.10.2025, судья Елшібеков Б. Е., 20.10.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Заңның 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес анық емес ақпарат – біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) конкурсқа, аукционға қатысуға арналған өтінімінде және растаушы құжаттарында қамтылған, сол сияқты ұсынылған өтінімде шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Сотта анықталғандай, электрондық сатып алу ашық конкурс тәсілімен электрондық Веб-портал арқылы ұйымдастырушымен хабарландыру берілген.

Конкурсқа «АлиПроектConstruction» ЖШС-і өтінімдерін ұсыну кезінде материалдық ресурстары ретінде «Строй модуль-Астана» ЖШС-і есебінен 2020 жылғы 7 тамызда шығарылып кеткен 2007 жылғы шығарылған мемлекеттік тіркеу нөмері: 539AL 11, «Автокран МКТ 25.1» (VIN XTC55111R72314515) үлгісіндегі көлік құралын «Строй модуль-Астана» ЖШС-нен жалға алу туралы 2023 жылғы 5 шілдедегі №17 шартты ұсынған.

ЗИЛ 133 ГИ КС-3575а/zil 133 GYA X-3575-a, мемлекеттік тіркеу нөмері 534AL11» (VIN BEZ//N/NL00002225) автокөлігі «Строй модуль-Астана» ЖШС-нің теңгеріміне 2017 жылғы 12 шілдеде тіркеліп, 2020 жылғы 20 қыркүйекте тіркеу есептен шығарған.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің біріктірілген деректер жүйесінің мәліметтеріне сәйкес, шанақ нөмірі XTC55111R72314515, «Автокран МКТ 25.1» үлгісіндегі көлік құралы 2020 жылғы 7 тамыздан бастап «Нугманова» шаруа қожалығы атында тіркеу есебінде тұр.

Сонымен қатар, Шанақ нөмірі BEZ//N/NL00002225, «ЗИЛ 133 ГЯ КС-3575А» үлгісіндегі көлік құралы 2022 жылғы 20 қыркүйекте «Строй модуль- Астана» ЖШС-нің атынан тіркеу есебінен шығарылған.

Қазіргі таңда аталған көлік құралы жеке немесе заңды тұлғалардың атына тіркелмеген.

Аталған ақпарат 2025 жылғы 7 сәуірдегі Полиция Департаментінің №5-54/8068 және 2025 жылғы 10 сәуірдегі №04-20/1832 Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің хаттарымен расталады.

Конкурсқа жауапкердің «Строй Модуль-Астана» ЖШС-мен арасында түзілген жоғарыдағы автокөлік техникаларын жалға алу туралы шарттар жасағанда жалға берушінің меншігінде болмаған. Яғни жауапкердің конкурсқа қатысу барысында материалдық ресурстарға сәйкестігін растау мақсатында ұсынған жалға алынған техникаларының бұл жалға берушілердің меншігінде еместігі анықталды.

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 21.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 08.10.2025, судья Елшібеков Б. Е., 20.10.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Бұл жайт жауапкердің конкурсқа қатысқанда дұрыс емес ақпарат бергенін растайды.

АПК-нің 67-бабында дәлелдемелердің анықтығы егер тексеру нәтижесінде дәлелдеменің шындыққа сәйкес келетіні анықталса, дәлелдеме анық деп есептеледі.

Талап қоюшы талап қоюдағы сілтеме жасаған мән-жайларын дәлелдеп, дәлелдеме құжаттарын ұсынса, жауапкер талап қоюдағы мән-жайларды жоққа шығаратын дәделдемелер ұсынбады.

Сот отырысында жауапкердің біліктілік талаптарына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат бергені дәлелденді.

Жоғарыда анықталған жағдайда талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану талабы негізді.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2025 жылғы 17 сәуірде жүгінген.

Сондықтан жауапкердің конкурсқа қатысу барысында анық емес ақпарат ұсынғандығы іс құжаттарымен өз дәлелін табуына байланысты талап қоюшының талабы қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «АлиПроектConstruction» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «АлиПроектConstruction» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «АлиПроектConstruction» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақтармен шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 21.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 08.10.2025, судья Елшібеков Б. Е., 20.10.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Судья **С.**

Умарсирикова

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 21.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 08.10.2025, судья Елшібеков Б. Е., 20.10.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»